



АСТАНА АКШАМЫ

Чернобыль қасіреті

1986 жылдың 26 сәуірінде Украина жеріндегі Чернобыль атом-электр стансасында алапат апат орын алды. АЭС аумағындағы төртінші энергоблокта жойқын жарылыс болып, ауаға көп мөлшерде радиоактивті заттар тарапалды. Оның зардалтарын жоюға Кеңес одағынан 600 мыңдан астам адам қатысса, олардың 32 мыңы қазақстандықтар болатын. Онда апарттың денсаулыққа зияны тиеді-ау деп ешкім ойламады. Ойлағандар болса да, өз өмірін қатерге тігіп, жергілікті халықтың жағдайын алдыңғы орынға шығарды.



Апат зардалтарын жойғандардың қатарынан ақмолалықтар да көптеп табылды. Сол жылы Химиялық қорғаныстың 27-ші полкы Ақмола облысының Вячеславка кентінде жасақталды. Көптеген қазақстандықтар осы жасақтың сапында АЭС-ке аттанды. Мәселен, полкта 1986-1989 жылдар аралығында қызметте болған 31743 қазақстандық сол қайғылы күндердің күәгері атанды.

Бүгін сол сұрапыл оқиғаның орын алғанына тұра 30 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде 32 мың қазақстандықтың көбісі түрлі аурулардың салдарынан дүниеден өтіп кетті. Қазіргі таңда елімізде Чернобыль АЭС-індегі апат зардалтарын жойған 6 мыңға жуық адам қалды. Олардың 625-і – Астана тұрғындары. Көбісі I, II, III топ мугедектері.

Осынау қайғылы датаның қарсаңында біз «Чернобыль Одағы» Астана қаласындағы занды тұлғалар қауымдастырының төрағасы Қуандық Омарбаевпен ұйымның тыныс –тіршілігі жайлы аз-кем сөйлестік. Оларда қазір нағыз қарбалас шақ екен. Қазақстандағы Беларусь және Украина елшіліктерімен тығыз қарым-қатынас орнатқан олар бұл таңда сол сұрапыл оқиғаны еске түсіретін түрлі шаралардың басы-қасында жүр. Мәселен, жуырда ұйым «Өлі қаланың күәгерлері» атты кітап шығарыпты. Апарттың 30

жылдығына орай арнайы белгі жасатып, тірі жүрген чернобыльдіктерге табыстауда. Жуырда өткен қалалық мәслихаттың отырысында депутаттар Чернобыль апатын жоюға қатысқандарға 80 мың теңгеден, жесір әйелдерге 50 мың теңгеден бөлуге шешім шығарды.

Бүгін Чернобыль қасіреті құрбандарына тағым ретінде 2007 жылы орнатылған ескерткіштің маңына жиналатын халық митингке қатысады.

Бұдан соң Әскери-тарихи музейде өтетін арнайы көрмені көреді.

«Бізді қолдаудан кенде қалдырмайтын қала әкімдігіне ризамыз. Қала билігі әр бастамызыға дем беріп отырады. Қалалық мәслихаттың чернобыльдіктерге қаржы бөлу жөніндегі шешімі де өзімізді қуантты. Қазіргі қаржылық дағдарыс кезеңінде барлық мекеме үнемдеуге көшкенде бізге сондай жомарттық жасалып отыр. Ол үшін қала билігіне алғыстан басқа айтарымыз жоқ» дейді Куандық Омарбаев.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ